

Ж.А.Әбілхайырова,^{1*} Г.Қ.Баймағанбетова,¹ Г.К.Ниязбаева,¹ А.А.Бейсембаева²

¹ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университет, Қызылорда қ., Қазақстан
² Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАР НЕГІЗІНДЕ РЕФЛЕКСИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДИАГНОСТИКАСЫ

Аңдатпа

Мақала зерттеу өздік жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы болашақ мұғалімдердің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейлерін анықтауға бағытталған. Теориялық талдауларда «құзыреттілік», «рефлексивті құзыреттілік», «өздік жұмыстар» ұғымдарының мазмұны мен құрылымы беріледі. Негізгі ұғымдардың мазмұны жайлы отандық және шетелдік зерттеушілердің тұжырымдары баяндалады. Рефлексивті құзыреттіліктің когнитивтік компонент, тұлғалық компонент, әрекеттік компонент және коммуникативтік-реттеуші компоненттері бойынша құрылымы қысқаша талданып, рефлексивті құзыреттіліктің құрылымына болашақ педагогтің кәсіби болмысының тұтастығын қамтамасыз ететін функционалды кешен деп нақтылау жасалады. Мақалада оқытудың құрылымында өздік жұмыстар Lesson Study, Action Research және portfolio-based learning секілді заманауи тәсілдер арқылы ұйымдастырылатыны айтылады. Өздік жұмысты ұйымдастырудағы әдістемелік шарттар мен рефлексивті механизмдердің өзара байланысы мен рефлексивті құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін өздік жұмыс түрлері талданады.

Болашақ мұғалімдердің рефлексивті құзыреттіліктерін қалыптастырудың диагностикалық жұмыстарын ұйымдастырудың барысы сипатталады. «Оқу іс-әрекетіне мотивация» сауалнамасы, А.В. Карповтың «Рефлексиялық дамудың даралық өлшемі» әдістемесі, М.Гратцингтің «Рефлексияға бағыттылық пен көріну деңгейі» атты әдістемесі бойынша диагностика жүргізілді. Зерттеу нәтижелері білім беру мазмұнын жетілдіруге, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және рефлексивті дағдыларды дамытуға бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: рефлексия, рефлексивті құзыреттілік, өздік жұмыстар, кәсіби құзыреттілік, рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру.

Абилхаирова Ж.А.,^{1*} Баймағанбетова Г.Қ.,¹ Ниязбаева Г.К.,¹ Бейсембаева А.А.²

¹ Қызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Қызылорда, Казахстан





² Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

ДИАГНОСТИКА ФОРМИРОВАНИЯ РЕФЛЕКСИВНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ НА ОСНОВЕ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ

Аннотация

Статья направлена на определение начальных уровней формирования рефлексивной компетентности будущих педагогов путем эффективной организации исследовательской самостоятельной работы. В теоретическом анализе дается содержание и структура понятий: «компетентность», «рефлексивная компетентность», «самостоятельная работа». О содержании основных понятий излагаются выводы отечественных и зарубежных исследователей. Кратко проанализирована структура рефлексивной компетентности по когнитивному компоненту, личностному компоненту, деятельностному компоненту и коммуникативно-регулятивному компоненту и уточнена структура рефлексивной компетентности как функциональный комплекс, обеспечивающий целостность профессиональной действительности будущего педагога. В статье отмечается, что в структуре обучения самостоятельная работа организуется с помощью современных подходов, таких как Lesson Study, Action Research и portfolio-based learning. Анализируются виды самостоятельной работы, способствующие взаимосвязи методических условий и рефлексивных механизмов в организации самостоятельной работы и развитию рефлексивной компетентности. Описывается ход организации диагностической работы по формированию рефлексивных компетенций будущих педагогов. Проведена диагностика по анкете «Мотивация к учебной деятельности», методике «А.В. Карпова Измерение индивидуальности рефлексивного развития», методике «М.Грацинга направленность и уровень проявления рефлексии». Результаты исследования позволяют разработать практические рекомендации, направленные на совершенствование содержания образования, повышение профессиональной компетентности будущих учителей и развитие рефлексивных навыков.

Ключевые слова: рефлексия, рефлексивная компетентность, самостоятельная работа, профессиональная компетентность, формирование рефлексивной компетентности.

Abilkhairova Zh., ^{1*} Baimaganbetova G., ¹ Niyazbaeva G., ¹ Beisembaeva A. ²

¹Korkyt Ata Kyzylorda university, Kyzylorda, Kazakhstan

²Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

DIAGNOSTICS OF THE FORMATION OF REFLEXIVE COMPETENCIES OF FUTURE TEACHERS BASED ON INDEPENDENT WORK

Abstract

Article the study is aimed at identifying the initial levels of formation of reflexive competence of future teachers through the effective organization of independent work. In theoretical analyzes, the content and structure of the concepts of «competence», «reflexive competence», «independent work» are given. The conclusions of domestic and foreign researchers about the content of basic concepts are presented. The structure of reflexive competence in terms of the cognitive component, personal component, action component and communicative-regulatory components is briefly analyzed and the structure of reflexive competence is clarified as a functional complex that ensures the integrity of the professional essence of the future teacher. The article notes that independent work in the structure of training is organized using modern approaches such as Lesson Study, Action Research and portfolio-based learning. The relationship of methodological conditions and reflexive mechanisms in the organization of independent work and the types of independent work that contribute to the development of reflexive competence are analyzed. The course of the organization of diagnostic work on the formation of reflexive competencies of future teachers is characterized. Diagnostics were carried out according to the questionnaire «Motivation for educational activities», the methodology of «A.V. Karpov the criterion of individuality of reflective development», the methodology of «M. Gratzing the level of orientation and manifestation of reflection». The results of the study make it possible to develop practical recommendations aimed at improving the content of education, increasing the professional competence of future teachers and developing reflective skills.

Keywords: reflection, reflexive competence, independent work, professional competence, formation of reflexive competence.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, өздігінен білім алуға және шығармашылық ойлауға қабілетті тұлға қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету үшін мұғалімдер тек пәндік білімді ғана емес, рефлексивті құзыреттілікті де меңгеруі тиіс. Рефлексиялық дағдылар болашақ мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі дамытуына, педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыруға және оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Алайда, Қазақстандағы педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруға жеткілікті назар аударылмайды. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларында рефлексиялық әдістер жүйелі түрде қарастырылмаған, ал мұғалімдердің өзіндік жұмыстары көбінесе стандартты тапсырмалармен шектеледі. Бұл болашақ мұғалімдердің өзін-өзі талдау, кәсіби дамуға бейімделу және оқыту сапасын үздіксіз жақсарту қабілеттерінің төмендеуіне әкеледі.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өзекті болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары, сондай-ақ Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының білім беру әдіснамасы болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын жетілдіруді, олардың инновациялық ойлау қабілетін дамыту мен рефлексивті мәдениетін қалыптастыруды басым бағыт ретінде қарастырады. Болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуы тек пәндік білім мен педагогикалық әдістерді меңгерумен шектелмей, олардың өз әрекетін талдау, білім беру процесін жетілдіру және өзін-өзі дамыту қабілеттерін дамытуды да талап етеді. Осыған байланысты, өздік жұмыстарды орындау барысында болашақ мұғалімдердің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі ерекше өзектілікке ие.

«Қазақстан Республикасының Білім туралы» Заңында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оның оқыту нәтижелерін талдау, өз тәжірибесіне баға беру және үздіксіз кәсіби дамуымен тікелей байланысты екені атап өтіледі [1]. Бұл талаптар рефлексивті құзыреттілік ұғымымен астасып жатыр. Мұғалімнің өз қызметін бағалай алуы, оны түзете білуі және жаңа шешімдер қабылдауы

– кәсіби этиканың және заманауи педагог бейнесінің маңызды бөлігі. Демек, заңдық тұрғыдан алғанда да, бұл құзыреттілік міндетті кәсіби стандарт ретінде қалыптасуда.

Осы орайда, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметінде рефлексияға негізделген тәсілдерді қолдану қажеттілігін ерекше атап өтеді [2]. Стандартта мұғалім өз педагогикалық әрекетін жоспарлау, ұйымдастыру, бағалау және жетілдіру процесінде үнемі сыни көзқараспен қарауға, яғни рефлексивті ұстанымда болуға міндетті екені нақты көрсетілген. Бұл болашақ мұғалімдерді оқыту барысында олардың кәсіби рефлексия дағдыларын арнайы қалыптастыруды талап етеді.

Осыдан келе, зерттеу тақырыбы аясында отандық және шетелдік ғалымдардың кәсіби білім беру саласындағы зерттеулері А.А.Вербицкий, Т.М.Давыденко, И.Ф.Исаев, В.И.Коваленко, Е.В.Романов, М.И.Ситникова., С.С.Құнанбаева, А.Ә.Жайтапова, В.А.Сластенин, Н.Д.Хмель және т.б. еңбектерінде қарастырылғаны талданды.

Рефлексияға қабілеттілік мұғалімнің кәсіби шеберлігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығы Л.Н.Борисова, Н.Б.Крашенинникова, Ю.В.Кушеровский, И.А.Стеценко, К.Елисеев, Л.А.Кунаковский, С.А.Ұзақбаева, А.А.Головчун, Н.М.Пинегиннің еңбектерінде және шетелдік зерттеушілер С.Л. Jones, S. Bell, & S. Sandler, В. L. McCombs маман кәсібилігінің маңызды компоненті ретінде рефлексивті құзыреттілікті қарастырған.

Зерттеуде өздік жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы болашақ мұғалімдердің рефлексивті құзыреттілігін дамыту жолдарын анықтауға бағытталған. Қазақстанның қазіргі білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру қажеттілігі артып келеді, себебі олардың оқыту үдерісіндегі шешім қабылдау қабілеті, оқушылардың дамуына әсер ету деңгейі және өзіндік педагогикалық стиль қалыптастырудағы икемділігі бүгінгі мектеп реформаларының табысты жүзеге асуына тікелей ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері білім беру мазмұнын жетілдіруге, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және рефлексивті дағдыларды дамытуға бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жұмыс Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы стратегиялық құжаттарының талаптарына сай білім беру жүйесіне ғылыми-әдістемелік негіз ұсынуға мүмкіндік береді.

Негізгі ережелер:

- Рефлексивті құзыреттіліктің құрылымдық компоненттері сипатталады (когнитивтік компонент, тұлғалық компонент, әрекеттік компонент және коммуникативтік-реттеуші компоненттері);

- Рефлексивті құзыреттілік құрылымы: рефлексивті құзыреттілік – педагогтің кәсіби болмысының тұтастығын қамтамасыз ететін функционалды кешен;

- тәжірибелік жұмыстардың мазмұны мен міндеттері бойынша атқарылатын жұмыстар;

- диагностикалық әдістемелерді іріктеу және қолдану;

- зерттеу жұмысына қатысушылармен сыналатын жұмыс формаларын ұйымдастыру барысы;

- эксперимент нәтижелерін математикалық-статистикалық әдістер арқылы өңдеп, педагогикалық қорытынды жасау.

Материалдар мен әдістер. Философиялық тұрғыдан алғанда, рефлексия ұғымы антикалық дәуірде пайда болған. Сократтың «өзінді таны» қағидасы адам санасының ішкі дүниесіне үңілу идеясын алғаш болып танытса, Платон мен Аристотель оны танымның логикалық-теориялық құралы ретінде дамытты. Ренессанс кезеңінде бұл ұғым Рене Декарттың «Cogito ergo sum» тұжырымымен жаңа серпін алды: ойлау мен өзіндік тану – ақыл-ойдың басты белгісі [3]. Ал Джон Локк рефлексияны адамның ішкі бақылау, байқау арқылы алынған тәжірибесі ретінде түсіндіре отырып, оны сенсорлық қабылдаудан ажырата білді. Бұл дәстүрлер XX ғасырда психология мен педагогика ғылымында рефлексияға деген теориялық және қолданбалы қызығушылықтың артуына жол ашты.

Психология саласында рефлексия жеке тұлғаның өзін-өзі тануы мен реттеудің ажырамас компоненті ретінде қарастырылады. А.Н.Леонтьевтің пікірінше, рефлексия – бұл тұлғаның өзінің іс-әрекетіне, ішкі күйіне, мінез-құлқына бағытталған саналы бақылауы мен бағалауы. Ол рефлексияны адамның әрекетіндегі сананың белсенді көрінісі ретінде бағалап, оның тұлғалық дамудағы ролін ерекше атап көрсеткен [4]. Ал С.Л.Рубинштейн рефлексияны жеке тұлғаның ішкі дүниесіне бағытталған аналитикалық ойлау үрдісі ретінде түсіндіреді. Оның айтуынша, адам рефлексия арқылы өз ойлауын, шешімдерін және мінез-құлқын сын тұрғысынан саралайды, яғни өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай бастайды [5].

АҚШ психологы Джон Флавелл рефлексияны метатанымдық қабілеттіліктің бір көрінісі ретінде қарастырады. Оның айтуынша, рефлексия оқу барысында өз танымдық процесін бақылау, реттеу және түзету арқылы орын алады [6]. Бұл көзқарас қазіргі білім беру жүйесінде жиі қолданылатын өзіндік талдау, өзіндік бағалау, портфолио жүргізу, рефлексивті күнделік сияқты технологияларға теориялық негіз береді.

Педагогика ғылымында рефлексия – мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін дамытуда шешуші рөл атқаратын ұғым. Ол оқыту процесінде педагогтың өз әдістемесін, жұмыс стратегиясын, студентпен қарым-қатынасын бағалауға, тиімділігін арттыруға бағытталған белсенді интеллектуалды процесс ретінде қарастырылады. Мұнда рефлексия тек ішкі талдау құралы емес, сонымен қатар кәсіби шешім қабылдаудың логикалық, эмоциялық және практикалық негізі ретінде де көрінеді.

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде бұл ұғымға ерекше назар аударылады. Ұзақбаева С.А., Жансүгірова Қ.Т., Әбілова З.Т. өз еңбектерінде рефлексияны мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы орталық тетік ретінде қарастырып, жобалық оқыту, зерттеу әдістері арқылы студенттің өзіндік ойлау дағдысын дамытудың тиімді жолдарын ұсынды. Ал Оспанбекова М.Н. бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау барысында рефлексияны дамытудың инновациялық әдістерін ұсына отырып, бұл қабілетті кәсіби жетілудің тірегі ретінде негіздеді. Оның зерттеуінде рефлексияның құрылымдық компоненттері – өзін-өзі талдау, кәсіби жауапкершілік, құндылықты бағдар, өзіндік мотивация – педагогикалық процесте дамытылуы қажет негізгі қабілеттер ретінде сипатталады [7].

Сонымен қатар, Кәжікенова Г.М. ЖОО студенттерінің рефлексивті құзыреттілігін дамытуда «рефлексивті диалог» ұғымын енгізіп, білім алушының ішкі ойлау жүйесін белсендіру механизмдерін ұсынды [8]. Бұл тәсіл педагог пен студент арасындағы қарым-қатынасты тереңдетіп, оқу процесінде дербес талдау мен сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады.


Шетелдік зерттеулерде де рефлексияға ерекше мән беріледі. Дональд Шон өзінің атақты *The Reflective Practitioner* атты еңбегінде кәсіби мамандардың рефлексия арқылы әрекетін жетілдіруін сипаттайды. Ол «action-in-reflection» және «reflection-on-action» ұғымдарын енгізіп, рефлексияның кәсіби шешім қабылдаудағы үлесін теориялық тұрғыда дәлелдейді [9]. Дональд Шон өз кезегінде рефлексияны тәжірибеге негізделген оқытудың негізгі кезеңі ретінде сипаттай отырып, оны білім алудың маңызды факторы деп бағалайды. Оның циклдық моделі (тәжірибе – бақылау – рефлексия – теория) қазіргі заманғы интербелсенді оқыту жүйелерінің негізіне айналды.

Жоғарыда айтылған ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, рефлексия ұғымы қазіргі білім беру парадигмасында жеке тұлғаның кәсіби дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруының басты көрсеткіші ретінде бағаланады. Ол тек теориялық категория ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің кәсіби мәдениеті мен ұдайы дамуына негіз болатын әрекеттік жүйе. Сондықтан да болашақ мұғалімдердің бойында рефлексиялық қабілеттер мен рефлексивті құзыреттілік қалыптастыру – заманауи педагогиканың маңызды бағыттарының бірі.

Білім беру кеңістігінде соңғы онжылдықтарда қалыптасып келе жатқан негізгі ғылыми ұғымдардың бірі – құзыреттілік. Бұл ұғым ХХ ғасырдың аяғынан бастап дәстүрлі «білім, білік, дағды» үштігінен сапалық тұрғыда ерекшеленетін, тұлғаның нақты жағдаяттарда әрекет етуге дайындығын сипаттайтын интегралды құрылым ретінде қалыптасты. Құзыреттілік – бұл тек

теориялық дайындықтың немесе кәсіби біліктіліктің көрінісі ғана емес, сонымен қатар адамның мотивациялық, тұлғалық, когнитивтік және рефлексивтік компоненттерін қамтитын кең ауқымды ұғым. Осы контексте «рефлексивті құзыреттілік» ұғымы жалпы құзыреттілік құрылымындағы іштей ұйымдасқан, өзекті қабілеттер жиынтығын білдіреді. Ол тұлғаның өз кәсіби іс-әрекетін саналы түрде бағалауына, талдауына және оны үнемі жетілдіруге бағытталған қабілеті ретінде ерекшеленеді.

Ғылыми әдебиеттерде құзыреттілік пен рефлексия бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар ретінде жиі қатар қарастырылады. Алайда олардың мазмұндық және функционалдық айырмашылықтарын ескермей, оларды синоним ретінде қолдану ұғымдық дәлсіздікке алып келеді. Осыған орай, бұл бөлімде біз құзыреттілік пен рефлексивті құзыреттілік ұғымдарының арақатынасын ұғымдық, құрылымдық және педагогикалық тұрғыдан талдаймыз. Бұл арақатынасты 1-суретте көрнекі түрде көрсетуге болады.



1-сурет – Құзыреттілік пен рефлексивті құзыреттіліктің өзара байланысы

Рефлексивті құзыреттілікті құзыреттілік құрылымында мазмұндық және функциялық деңгейде орналастыру оны ішкі даму динамикасының көрсеткіші ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта 1-кестеде екі ұғымның негізгі айырмашылықтары мен ұқсастықтары жүйеленіп көрсетілген.

Кесте 1 - Құзыреттілік пен рефлексивті құзыреттіліктің салыстырмалы сипаттамасы

Критерий	Құзыреттілік	Рефлексивті құзыреттілік
Жалпы мәні	Іс-әрекетке қабілеттілік, білім, білік, дағды жүйесі	Іс-әрекетті бағалау, жетілдіру қабілеті
Құрылымдық компоненттері	Танымдық, мотивациялық, эмоциялық, тәжірибелік	Метатанымдық, өзін-өзі талдау, кәсіби жауапкершілік
Бағыттылығы	Нәтиже алуға бағытталған	Ішкі жетілуге және үнемі даму процесіне бағытталған
Мақсаты	Кәсіби әрекетті орындау	Кәсіби әрекетті түсіну, жетілдіру, рефлексия арқылы дамыту

Жалпы алғанда, құзыреттілік пен рефлексивті құзыреттілік ұғымдары өзара тығыз байланысты, бірақ құрылымдық мазмұны жағынан ажыратылатын ұғымдар. Егер құзыреттілік тұлғаның кәсіби әрекетке дайындығын сипаттаса, рефлексивті құзыреттілік – осы әрекетке саналы, жауапты, сын тұрғысынан қатынасын білдіреді. Сондықтан болашақ мұғалімді даярлау процесінде бұл екі компонентті қатар және үйлесімді дамыту педагогикалық білімнің басты мақсаты болуы тиіс.

Қазіргі қазақстандық педагогика ғылымында рефлексия ұғымы мен оның кәсіби даярлықтағы орны ерекше назарға алынып отыр. Білім беру жүйесіндегі мазмұндық жаңғыру, педагогикалық технологиялар мен мұғалімнің тұлғалық дамуына қойылатын жаңа талаптар рефлексивті құзыреттілік ұғымын теориялық және практикалық тұрғыдан терең түсіндіруді қажет етуде. Осы бөлімде отандық ғалымдардың рефлексивті құзыреттілікке қатысты ғылыми көзқарастары, тұжырымдары мен ұсынылған әдістемелік модельдері қарастырылады.

М.Н.Оспанбекова рефлексивті құзыреттілікті болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби сапасы ретінде қарастырып, оны саналы өзін-өзі талдауға, кәсіби қызметін бағалап, жетілдіруге бағытталған қабілет ретінде сипаттайды [7, б.121]. Зерттеуші өз диссертациялық еңбегінде бұл құзыреттілікті қалыптастырудың құрылымдық-логикалық моделін ұсынады. Ол модельге кәсіби бағыттылық, метатанымдық белсенділік, тәжірибеге рефлексия жасау, педагогикалық ситуацияларды шешуде шығармашылық таныту қабілеттері кіреді. Ғалым инновациялық әдістердің ішінде электрондық рефлексивті күнделік, өзін-өзі бағалау парақтары, авторлық рефлексивті тапсырмалар жүйесін ұсынған.

А.К.Серікбаева рефлексияны эмоционалды интеллектпен байланыстыра зерттеп, мұғалім тұлғасының эмоционалды және коммуникативтік мәдениетінің дамуындағы рөлін ашады [10]. Ол болашақ мұғалімдердің эмоционалды сезіну, өз эмоциясын тану, басқару және басқалардың эмоциясын түсіну қабілеттерін кәсіби рефлексияның ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Ғалым рефлексиялық қабілетті тек когнитивтік ғана емес, тұлғалық-психологиялық категория ретінде ұсынуы арқылы оның кең контексттегі маңыздылығын ашады.

Дэвид Колб тәжірибелік оқыту моделінде рефлексияны жеке тәжірибе мен теорияны біріктіретін негізгі механизм ретінде сипаттайды. Оның Experiential Learning Cycle моделі – нақты тәжірибе, бақылау және рефлексия, абстрактілі концептуализация, белсенді эксперимент кезеңдерінен тұрады [11]. Бұл цикл рефлексияны жаңа білімді құрастыру процесінің басты фазасы ретінде танытады. Колб моделінің ерекшелігі – ол оқу үдерісін үздіксіз дамушы жүйе ретінде көрсетеді, ал рефлексия — соның орталық өзегі.

Шетелдік педагогикалық ойдың келесі ірі өкілі — Стивен Брукфилд. Ол рефлексияны тек кәсіби емес, сонымен қатар этикалық және әлеуметтік өлшемі бар сыни құрал ретінде түсіндіреді. Брукфилд өзінің Becoming a Critically Reflective Teacher еңбегінде төрт рефлексиялық «линза» ұсынады: өзіндік тәжірибе, студент пікірлері, әріптестер пікірі және теориялық әдебиет [12]. Бұл құрылым мұғалімнің шешімдеріне көпқырлы көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Брукфилд үшін рефлексия – әлеуметтік әділеттілік пен педагогикалық адалдықтың негізі.

Филипп Перену француз педагогикасында рефлексияны оқытудың сапасын басқару құралы ретінде қарастырады. Ол «әрекет үстіндегі рефлексия» концепциясын дамытып, мұғалімнің кәсіби әрекетке жоспарлы түрде емес, нақты жағдаятқа сәйкес бейімделіп жауап беру қабілетін сипаттайды [13]. Оның пайымынша, рефлексия мұғалімге оқыту процесінде икемді педагогикалық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді, бұл оны кәсіби құзыреттіліктің басты индикаторы етеді.

Жоғарыда аталған теориялық тұжырымдамаларды салыстыру мақсатында 2-кестеде шетелдік авторлардың рефлексияға қатысты көзқарастары мен үлестері жүйеленіп көрсетілген.

Кесте 2 – Шетелдік ғалымдардың рефлексия туралы ғылыми тұжырымдары

Ғалым	Негізгі еңбегі / моделі	Рефлексияға көзқарасы
Дональд Шон	The Reflective Practitioner	Практика үстіндегі және кейінгі әрекетке талдау, кәсіби шешімді жетілдіру құралы
Дэвид Колб	Experiential Learning Cycle	Оқу тәжірибесінің циклды құрылымы, жаңа білімді жасау тетігі
Стивен Брукфилд	Critically Reflective Teaching	Сыни талдауға, әлеуметтік әділеттілікке негізделген көпқырлы көзқарас
Филипп Перену	Agir en réfléchissant	Оқыту сапасын басқару мен бейімделу стратегиясы ретінде

Жан Пиаже	Theory of Cognitive Development	Ойлау құрылымын дамытуға ықпал ететін когнитивтік механизм
Дженнифер Мун	Reflection and Learning	Метатаным мен өзін-өзі тануға бағытталған оқу рефлексиясы
Дэниел Гоулман	Emotional Intelligence	Эмоцияны басқару арқылы педагогикалық жауапкершілік пен өзін-өзі реттеу құралы

Жалпылай алғанда, шетелдік зерттеушілер рефлексияны кәсіби құзыреттіліктің құрылымдық және динамикалық компоненті ретінде қарастырады. Олар бұл ұғымды педагогтің өзін-өзі тануы, өз тәжірибесіне сын көзбен қарауы, таным мен эмоцияны үйлестіре алуы және оқу үдерісін басқаруы тұрғысынан кең ауқымда сипаттайды. Теориялық тұрғыдан әр автор түрлі қырдан келсе де, олардың барлығы рефлексияны — жауапты кәсіби әрекеттің негізі және үздіксіз кәсіби дамудың кепілі ретінде мойындайды.

Рефлексиялық құзыреттілікке реттелетін компоненттер бір-бірімен өзара байланысқан және интеграцияланған түрде қызмет етеді. Олар болашақ мұғалімдердің өз әрекетіне саналы баға беру, педагогикалық жағдаяттарға бейімделу және кәсіби жетілуін қамтамасыз ететін функционалдық жүйе құрайды.

Когнитивтік компонент болашақ мұғалімдердің кәсіби білімін теориялық тұрғыда игеруі мен педагогикалық жағдайларды ұғынуға бағытталған қабілеттерін қамтиды. Бұл қабілет кәсіби рефлексияның интеллектуалдық негізі ретінде көрінеді. Д. Колб өзінің тәжірибелік оқыту теориясында білім алушының жаңа тәжірибені бұрынғы біліммен салыстыра отырып, қайта құрылымдау үдерісінде рефлексияның танымдық маңызын нақтылайды. Сонымен қатар, автор бұл қабілетті метатанымдық бақылау мен оқу стратегияларын басқарудың негізгі механизмі ретінде сипаттайды.

Тұлғалық компонент мұғалімнің құндылықтық бағдарын, кәсіби-этикалық жауапкершілігін, өзін-өзі тану және өзіндік кәсіби мақсаттарын анықтау қабілетін сипаттайды. Бұл компонент болашақ мұғалімдердің ішкі мотивациясын, кәсіби рөлін сезінуін және тұлғалық рефлексиясын қалыптастырады. Мұғалімнің өзіндік эмоцияларын тануы мен оларды басқара білуі кәсіби этика мен оқыту тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Әрекеттік компонент — педагогикалық қызмет барысында рефлексия нәтижелерін нақты әрекетке айналдыру қабілеті. Бұл мұғалімнің әдістемелік икемділігі, оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мен ұйымдастырудағы шеберлігі, жағдаяттық шешім қабылдаудағы саналы таңдауы арқылы көрініс табады.

Коммуникативтік-реттеуші компонент мұғалімнің кері байланыс орнату, кәсіби әрекетті бағалау, түзету және сыртқы пікірді қабылдау қабілетімен тікелей байланысты. Бұл компонент кәсіби өзара әрекеттестік мәдениетінің, педагогикалық такт пен рефлексивті диалог құру дағдыларының дамуын қамтамасыз етеді. Стивен Брукфилд бұл аспектіні «көп линзалы рефлексия» моделі арқылы негіздейді, яғни мұғалім өз әрекетін студенттің пікірі, әріптестердің бағасы және теориялық білім негізінде бағалауы тиіс [12, p.56].

Рефлексивті құзыреттілік құрылымы — педагогтің кәсіби болмысының тұтастығын қамтамасыз ететін функционалды кешен. Оның әр компоненті бір-бірін толықтыра отырып, мұғалімнің педагогикалық шешім қабылдау, өзін-өзі жетілдіру және кәсіби тиімділікке жету әрекеттерін жүйелі түрде бағыттайды.

Педагогтің ішкі мотивациясын, өзіндік кәсіби жауапкершілігін арттыру да рефлексивті құзыреттіліктің негізгі функцияларының бірі болып саналады. Зерттеушілердің басым бөлігі бұл процесті «метатанымдық өзін-өзі реттеу» деп атап, білім алушы немесе мұғалім өзінің оқуын немесе әрекетін бақылап, тиімді стратегияларды таңдап, мақсатты түрде жетілдіруге тырысуын түсіндіреді. Бастауыш мектеп мұғалімі бұл механизмді өз сабағын талдау арқылы, оқушылардың жетістіктеріне үнемі мониторинг жүргізу арқылы жүзеге асырады. Нәтижесінде педагог өзінің кәсіби траекториясын дербес басқара алатын субъект ретінде қалыптасады.

Сонымен қатар, рефлексивті құзыреттілік мұғалімнің шығармашылық қабілеттерінің де катализаторы болып табылады. Кәсіби тәжірибеге сын көзбен қарау, үйреншікті әдістерді қайта бағалау және жаңа педагогикалық шешімдерді іздеу – бұл рефлексия арқылы іске асатын шы-

ғармашылық үдерістің негізі. С. Брукфилд кәсіби рефлексияны «жауыр болған педагогикалық көзқарастар мен жасырын кедергілерді ашып, оларды жеңудің құралы» ретінде қарастырады.

Рефлексивті құзыреттіліктің кәсіби қарым-қатынастағы маңызы да зор. Мұғалімнің эмоциялық өзін-өзі реттеуі, оқушының ішкі күйін түсініп, дұрыс педагогикалық реакция бере білуі – оқыту процесінің психоәлеуметтік сапасын арттырады. Дэниел Гоулманның эмоциялық интеллект моделі аясында қарастырсақ, рефлексия — эмоцияларды тану, басқару және оларды кәсіби шешім қабылдау процесінде қолдану дағдысымен тікелей байланысты. Бастауыш мектеп оқушылары үшін мұғалімнің эмоционалды-рефлексивті қолдауы оқу мотивациясының көтерілуіне және оқуға деген сенімділіктің артуына әсер етеді [14].

Болашақ мұғалімдердің рефлексивті құзыреттілігі мен кәсіби сапалары арасындағы байланысты нақтылау мақсатында 4-кестеде оның басты функциялары мен кәсіби көрсеткіштері жүйеленген:

Кесте 3 – Рефлексивті құзыреттіліктің болашақ бастауыш мұғалімінің кәсіби дамуына ықпалы

Функциясы	Кәсіби көрінісі
Өз әрекетін талдау және бағалау	Сабақ нәтижесін саралау, әдістемені жетілдіру
Метатанымдық өзін-өзі реттеу	Сабақ жүргізу стилін өзгерту, үздіксіз кәсіби даму
Шығармашылық пен педагогикалық икемділік	Оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану, авторлық идеяларды енгізу
Эмоциялық өзін-өзі басқару	Сабақ барысында өзін-өзі бақылау, оқушы эмоциясын түсіну
Кәсіби-этикалық жауапкершілік	Әділетті бағалау, моральдық шешімдер қабылдау

Қорыта келгенде, рефлексивті құзыреттілік – бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дамуындағы іргелі компонент. Ол мұғалімнің өзін кәсіби субъект ретінде тануына, өз тәжірибесін үздіксіз жетілдіруіне, оқушылармен сапалы қарым-қатынас орнатуына, сонымен қатар адамгершілік-этикалық шешімдер қабылдауына мүмкіндік береді. Мұндай кешенді қабілеттілік болашақ мұғалім даярлаудың стратегиялық мақсаты ретінде қарастырылуы тиіс. Демек, педагогикалық білім беру бағдарламалары рефлексивті құзыреттілікті теориялық қана емес, практикалық құралдармен мақсатты түрде қалыптастыруы қажет.

Мұндай теориялық негіздер болашақ мұғалімдердің рефлексиялық қабілеттерін педагогикалық тәжірибеде мақсатты түрде қалыптастыру жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Осы орайда, келесі бөлімде рефлексивті құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік мүмкіндіктері мен өздік жұмыстар жүйесіндегі орны нақты талданады.

Оқытудың құрылымында рефлексивті өздік жұмыстар Lesson Study, Action Research және portfolio-based learning секілді заманауи тәсілдермен тиімді үйлеседі. Бұл форматтар студентке өзінің оқу стилін, жетістігін және әлсіз тұстарын бақылауға мүмкіндік береді. Рефлексивті өздік жұмыстардың әсері әсіресе рефлексиялық эссе, өзін-өзі бақылау парақтары, оқу тәжірибесіне шолу жазбалары сияқты тапсырмаларда айқын байқалады.

Ғалымдардың зерттеулерінде рефлексияны дамытуға бағытталған тапсырмалар тұлғалық, әрекеттік және когнитивтік бағыттарды қамтитын кешенді жүйе ретінде ұсынылады. Бұл тапсырмалар құрылымдық жағынан білім алушының ішкі ойлау әрекетін, кәсіби тәжірибесін және құндылықтық бағдарын белсендіруге бағытталған. Автор бұл тапсырмаларды интерактивті және тұлғааралық таным әрекетінің ұтымды бірлігі ретінде сипаттайды, мұнда білім алушы өз көзқарасын білдірумен қатар, оны негіздеп, педагогикалық шешім қабылдау қабілетін дамытады.

Мазмұндық жағынан бұл тапсырмалар бірнеше бағытқа жіктеледі:

1. Рефлексиялық күнделік жүргізу – білім алушы күн сайын өз оқу тәжірибесін талдап, ішкі сезімдері мен жетістіктерін жазбаша түрде сипаттайды. Бұл тапсырма — метакогнитивтік белсенділікті арттыратын тиімді әдіс. Сонымен қатар, рефлексия процесінің динамикасын уақыт бойынша бақылауға мүмкіндік береді.

2. Педагогикалық жағдаяттарды шешу – студенттерге нақты кәсіби жағдаят ұсынылып, сол мәселені шешудің бірнеше нұсқасы беріледі. Мұндай тапсырмалар этика, эмоциялық реакция, әдістемелік тандаулар сияқты факторларды талдай отырып, кәсіби шешім қабылдауға дағдыландырады.

3. Рефлексиялық эссе жазу – білім алушы берілген тақырып бойынша өз тәжірибесі мен көзқарасына сүйеніп, жеке пікірін жазады. Эссе мазмұнында аналитикалық ойлау, өзіндік «Мен» тұжырымдамасы және кәсіби бағдар айқын көрініс табады. Бұл – рефлексияны тереңдетудің жоғары деңгейлі тәсілі.

4. Өзін-өзі бағалау парақтары – студент оқу тапсырмасын орындағаннан кейін алдын ала берілген критерийлер негізінде өзінің әрекетін бағалайды. Бұл – тек сыртқы баға емес, ішкі өзін-өзі бағалау механизмін белсенді ететін құрал.

Өздік жұмысты тиімді ұйымдастыру – білім алушының тек оқу материалын меңгеруіне емес, сонымен қатар оның әрекетке деген көзқарасы мен ішкі кәсіби рефлексиясын белсендіруге ықпал ететін кешенді педагогикалық әрекет.

Өздік жұмыстың сапалы жүзеге асуы үшін бірнеше әдістемелік шарттар орындалуы қажет. Бұл шарттар білім алушының танымдық белсенділігін қолдауға ғана емес, сонымен қатар рефлексивті процестерді белсендіруге де бағытталады. Атап айтқанда, олар:

- оқу тапсырмасының мақсаттылығы мен мазмұндық негізділігі,
- жүйелілік пен бірізділік,
- дербестік пен еркін әрекет етуге мүмкіндік беру,
- және кері байланысты қамтамасыз ету болып табылады.

Білім алушының оқу әрекетін тиімді ұйымдастыруда рефлексивті механизмдер маңызды рөл атқарады. Олар – тұлғаның өз әрекетін бағалап, талдап, келесі қадамдарды жоспарлай алу қабілетін іске қосатын әдіснамалық тетіктер. Бұған жататындар:

- рефлексия күнделігі,
- өзін-өзі бағалау парағы,
- кері байланыс сессиялары,
- ситуациялық талдауға негізделген жазбаша тапсырмалар,
- коучингтік диалогтар.

Сонымен қатар, заманауи педагогикалық практикада цифрлық платформаларды пайдалану – рефлексивті өздік жұмысты ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Мысалы, LearningApps, Google Classroom, Padlet және Mentimeter сынды сервистер студентке тек тапсырманы орындауға емес, сол әрекетке қайта оралып, оны рефлексивті тұрғыда бағалауға жол ашады.

Қазіргі педагогика ғылымында білім алушының рефлексивті құзыреттілігін мақсатты түрде дамыту – кәсіби бағыттағы білім берудің басым міндеттерінің бірі. Бұл құзыреттілік студенттің өз әрекетін саналы бағалауына, танымдық және кәсіби тәжірибесін сыни тұрғыда талдауға, әрі сол тәжірибе негізінде болашақ кәсіби дамуын жобалауға мүмкіндік береді. Рефлексивті құзыреттілік тек танымдық емес, сонымен қатар тұлғалық, эмоциялық және құндылықтық компоненттерді қамтитын көпәспектiлi бiлiм беру нәтижесi ретiнде қарастырылады.

Осы құзыреттілікті қалыптастыруда өздік жұмыс тиімді әдіснамалық құрал болып саналады. Рефлексивті бағыттағы өзіндік жұмыстар студенттің ішкі танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, оның кәсіби «Мен» тұжырымын жүйелі қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай тапсырмалар метатанымдық ойлауды, рефлексивті пайымдауды және оқу тәжірибесіне терең көзқараспен қарауды талап етеді.


Рефлексиялық сипаттағы өзіндік жұмыс үлгілері құрылымы, мақсаты және қолдану уақытына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Ең жиі қолданылатын түрлеріне төмендегілер жатады:

– рефлексиялық эссе – студенттің оқу материалына, практикалық тәжірибеге немесе кәсіби жағдаяттарға қатысты көзқарасын, түсінігін және сезімін жүйелеп жазуы. бұл тапсырма сыни ойлау мен жазбаша рефлексияны дамытады;

- күнделік жүргізу – білім алушының оқу барысындағы сезімі, жетістігі, қиындықтары жайлы жазбалары. мұндай күнделік рефлексияны үздіксіз қалыптастыруда тиімді;
- кейс-талдау – нақты жағдаятқа кәсіби тұрғыда баға беру, шешім қабылдау, салдарын болжау. бұл тапсырма аналитикалық ойлау мен кәсіби рефлексияны қатар дамытады;
- өзін-өзі бағалау парағы – білім алушы өз жұмысын критерийлер бойынша бағалап, жетістіктері мен даму аймағын анықтайды;
- практикалық сценарий құру – болашақ кәсіби әрекет жағдайында өзіндік модель немесе жоспар құру;
- пікірталас немесе рефлексиялық сұхбат – өз ойын дәлелдеу, балама көзқарасты тыңдау арқылы рефлексивті диалогтық мәдениетті қалыптастыру.

Бұл тапсырмалар құндылықтық бағдар, тұлғалық даму, кәсіби бағыттылық және рефлексивті бақылау компоненттерін қамтиды. Сондықтан да оларды оқу процесіне жүйелі енгізу – болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын сапалы деңгейге көтерудің алғышарты. 4-суретте осы тапсырмалар мен олардың ықпал ететін даму арналарын көрсететін диаграмма ұсынылған.

Бұл тәжірибелердің негізінде студенттің оқу әрекеті сыртқы бақылаудан ішкі, өзіндік бақылауға ауысып, кәсіби рефлексияның орнығуына жағдай жасайды.



2-сурет – Рефлексивті құзыреттілікті дамытуға ықпал ететін өздік жұмыс түрлері

Өздік жұмысты білім беру үдерісінде тиімді ұйымдастыру ғана емес, оны жүйелі әрі дәл бағалай білу де – педагогикалық шеберліктің көрсеткіші. Әсіресе, рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған өзіндік жұмыстардың тиімділігін бағалау – болашақ мұғалімдердің кәсіби даму деңгейін диагностикалаудың маңызды құралы болып табылады. Бағалау үдерісі студенттің тек сыртқы әрекетін емес, оның ішкі рефлексиялық процестерін де қамтуы тиіс. Сондықтан, бағалау өлшемдері мен көрсеткіштері тұлғаның рефлексивті белсенділігін, кәсіби ойлау жүйесін және танымдық дербестігін кешенді қамтитындай құрылуы қажет.

Тиімділік өлшемдері мен көрсеткіштеріне негізделген бағалау жүйесі оқу үдерісін сапалы рефлексияға бағыттап, білім алушының кәсіби дайындық деңгейін анықтауға нақты мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқытушы мен студент арасындағы кері байланысты нығайтып, оқу мотивациясын арттырады және студенттің оқу әрекетіне иелік ету деңгейін жоғарылатады.

Кесте 4 – Рефлексивті өзіндік жұмыс тиімділігін бағалау өлшемдері мен көрсеткіштері

Өлшем атауы	Көрсеткіштер сипаттамасы
Мазмұн толықтығы	Теорияны практикалық мысалмен ұштастыру
Рефлексия тереңдігі	Іс-әрекетті түсіндіру, себеп-салдарды талдау
Шығармашылық	Бірегей идеялар, стандарттан тыс шешімдер
Өзіндік талдау	Өз жетістігі мен даму аймағын нақты көрсету
Кәсіби бағдарлылық	Тапсырманың болашақ кәсіби қызметпен байланысын көрсету

Нәтижелер. Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген эксперименттің мақсаты – болашақ мұғалімдердің өздік жұмыстар арқылы рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін анықтап, оны жоғары деңгейге көтерудің әдістемелік негіздемесін дәлелдеу болып табылады.

Біз жүргізген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс үш кезеңге (анықтаушы, қалыптастырушы, қорытынды) бөлініп, педагогикалық логикаға сәйкес келесі міндеттерді шешуге бағытталды:

- тәжірибелік жұмыстардың мазмұны мен міндеттерін айқындау;
- диагностикалық әдістемелерді іріктеу және қолдану;
- зерттеу жұмысына қатысушылармен сыналатын жұмыс формаларын ұйымдастыру;
- эксперимент нәтижелерін математикалық-статистикалық әдістер арқылы өңдеп,

педагогикалық қорытынды жасау.

Осы мақсатта арнайы эксперименттік бағдарламалар құрылып, «Рефлексиялық құзыреттілік» ұғымының мазмұны мен құрылымына сәйкес элективті курс пен әдістемелік құрал жасақталып, тәжірибе барысында нақты қолданылды. Қатысушылардың рефлексиялық даму динамикасын бағалау үшін сапалық (сұхбат, өзін-өзі талдау, күнделік) және сандық (сауалнама, тест, шкалалық бағалау) әдістер кешені пайдаланылды.

Эксперименттік зерттеу жұмысы ғылыми негізде жоспарланып, жүйелі түрде жүргізіліп, нәтижесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби рефлексияға бейімділігі мен ішкі уәжі артқаны, өздік жұмысқа саналы қатысуы күшейгені эмпирикалық дәлелмен негізделді.

Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сәйкес тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасы жасалып, кезеңдер бойынша жүзеге асырылды.

Зерттеу әдістемесі мен өлшеу құралдары болашақ мұғалімдердің рефлексиялық құзыреттілігін өздік жұмыстар арқылы дамыту деңгейін анықтауға бағытталды. Диагностика үдерісі зерттеу мазмұнына сәйкес үш компоненттік құрылым бойынша жүргізілді: мотивациялық, танымдық және әрекеттік (рефлексиялық) компоненттер.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың міндеттері:

1. Тәжірибелік-экспериментке қатысатын студенттерді іріктеу;
2. Зерттеу мақсатына сәйкес өлшеу құралдарын іріктеу және анықтаушы кезеңде диагностикалық зерттеу жүргізу;
3. Эксперименттік жұмыстың нәтижесін талдау, тиімділігін бағалау және қорытындылау.

Зерттеу аясында студенттердің бастапқы деңгейлерін диагностикалау үшін қолданылған әдістер кешені төмендегі 5-кестеге сәйкес құрылды:

Кесте 5 – Зерттеу мәселесі бойынша студенттердің деңгейлерін анықтау үшін қолданылған әдістемелер кешені

Компоненттер	Деңгейлері	Диагностикалық әдістемелер, сауалнамалар
Мотивациялық	Жоғары деңгей – Студент өздік жұмыстар арқылы кәсіби рефлексияны маңызды санап, белсенділік танытады; Орташа деңгей – Қызығушылығы бар, бірақ рефлексиялық әрекетке сирек қатысады; Төмен деңгей – Кәсіби маңыздылықты терең түсінбейді, ішкі уәж әлсіз.	«Оқу іс-әрекетіне мотивация» сауалнамасы
Танымдық	Жоғары деңгей – Теорияны терең меңгеріп, өздік жұмыста қолдана алады; Орташа деңгей – Теорияны түсінеді, бірақ толық қолданбайды; Төмен деңгей – Тапсырмаларды тек формалды орындайды.	А.В.Карповтың «Рефлексиялық дамудың даралық өлшемі» әдіс-төмесі;
Әрекеттік (рефлексиялық)	Жоғары деңгей – Өз әрекетін сыни талдайды, рефлексиялық күнделік, өзін-өзі бағалау парағын жүргізеді; Орташа деңгей – Рефлексия жүргізу дағдысы бар, бірақ жүйесіз; Төмен деңгей – Рефлексияны сирек орындайды немесе мүлдем жүргізбейді.	М.Гратцингтің «Рефлексияға бағыттылық пен көріну деңгейі» атты әдістемесі

Тәжірибеге эксперименттік топқа (ЭТ – 60 студент), бақылау тобына (БТ – 61 студент) бөлінген барлығы 121 студент қатысты. Педагогикалық тәжірибелік-эксперимент 2024–2025 оқу

жылының екінші семестрінде ұйымдастырылды. Эксперименттің бастапқы кезеңінде студенттердің рефлексиялық құзыреттілік деңгейін диагностикалау мақсатында анықтаушы эксперимент жүргізілді. Бұл кезеңде студенттердің өздік жұмыстарға деген қатынасы, рефлексиялық ойлау дағдылары және кәсіби өзін-өзі бағалау мүмкіндіктері бастапқы сатыда бағаланды. Диагностикалық өлшеу құралдары ретінде сауалнама, тест, сұхбат және рефлексиялық өзіндік есеп парақтары қолданылды. Осы бастапқы деректер кейінгі қалыптастырушы кезеңде алынған нәтижелермен салыстырылып, тиімділік көрсеткіштері анықталды.

Талқылау. Анықтаушы эксперименттің нәтижелерін сандық және сапалық талдау. Зерттеу жұмысының анықтаушы кезеңінде болашақ мұғалімдердің рефлексиялық құзыреттілігін өздік жұмыстар негізінде қалыптастыруға деген дайындық деңгейін анықтау мақсатында сандық және сапалық деректерді жинау әдістері қолданылды. Негізгі өлшеу құралы ретінде 10 сұрақтан тұратын сауалнама пайдаланылды. Студенттерге ашық және жабық типтегі сұрақтар ұсынылды, жауаптар мазмұндық жағынан талданып, жиілік пен пайыздық қатынастар анықталды.

1. «Рефлексия» дегенді қалай түсінесіз?» деген сұраққа жауап бергендердің 52%-ы рефлексияны – өз әрекетін бағалау мен сабақтан қорытынды шығару деп сипаттаса, 26% – оны кәсіби жетілуге бағытталған ойлау әрекеті ретінде таныған. 18% студент оны тек сабақтың бір бөлігі ретінде бағаласа, 4% нақты жауап бере алмады. Бұл нәтижелер студенттердің теориялық тұрғыдан рефлексия ұғымын жалпы түсінетінін, алайда оның кәсіби-педагогикалық мәнін толық меңгермегенін көрсетеді.

2. «Өздік жұмыстар сіздің кәсіби дамуыңызға қалай әсер етеді?» деген сұраққа жауап бергендердің 63%-ы бұл тапсырмалар ойлануға, өзіндік шешім қабылдауға көмектесетінін айтса, 27%-ы оны формалды түрде орындаумен шектелетінін мойындаған. 10% – нақты жауап бермеген. Бұл жауаптар студенттердің рефлексиялық белсенділігі әлі де болса жүйелі қалыптаспағанын аңғартады.

3. «Сіз қателіктеріңізден сабақ аласыз ба?» сұрағына 54% – иә, саналы түрде талдаймын десе, 39% – кейде ғана мұндай талдау жасайтынын айтқан. Ал 7% – бұл дағдының қалыптаспағанын көрсеткен. Бұл көрсеткіштер студенттердің өзін-өзі бақылау дағдысының қалыптасу деңгейін сипаттайды.

4. «Өздік жұмыс нәтижесін қалай бағалайсыз?» деген сұраққа 48% – мұғалімнің кері байланысына қарай, 35% – өз бағамдауына сүйеніп бағалайтынын айтқан. 17% – бағалау жүргізбейтінін білдірген. Мұндай нәтижелер рефлексиялық дағдының сыртқы факторларға тәуелді екенін көрсетеді.

5. «Сіз үшін тиімді өздік жұмыс формасы қандай?» деген сұраққа 42% – рефлексия күнделігі, 26% – шығармашылық тапсырмалар, 19% – кейс-талдау деп жауап берген. 13% – нақты жауап бермеген. Бұл – студенттердің рефлексивті дағдыны дамытатын жұмыс түрлерін таңдау қабілетінің әркелкілігін білдіреді.


6. «Рефлексияны ұйымдастыруға мұғалімнің рөлі қандай?» деген сұраққа 70% – бағыт беруші және қолдаушы деп жауап берсе, 22% – тек бақылаушы рөлін атқарады деп есептейді. 8% – нақты көзқарас білдірмеген. Бұл – студенттердің мұғалімнің рефлексиялық процестегі рөліне беретін бағасы әртүрлі екенін көрсетеді.

7. «Сіз өздік жұмыста рефлексия элементтерін қолданып жүрсіз бе?» деген сұраққа 36% – үнемі қолданамын, 44% – кейде, 20% – қолданбаймын деген. Бұл – рефлексияны оқу әрекетіне интеграциялау деңгейінің орташа екендігін көрсетеді.

8. «Өз кәсіби дамуыңызды жоспарлайсыз ба?» деген сауалға 59% – иә, мақсат қоямын, 31% – нақты жоспарым жоқ, 10% – жауапсыз қалдырған. Бұл студенттердің кәсіби мақсатқа бағдарлануы мен рефлексияны ұзақ мерзімді даму құралы ретінде қабылдау деңгейін көрсетеді.

9. «Рефлексиялық күнделік жүргізесіз бе?» деген сұраққа 28% – жүйелі түрде жүргіземін, 33% – кейде, 39% – жүргізбеймін деп жауап берген. Бұл – рефлексияны жазбаша форматта меңгерудің әлі де болса жүйеленбегенін білдіреді.

10. «Кері байланысты қалай қолданасыз?» сұрағына 62% – сабаққа өзгеріс енгізу үшін, 25% – бақылау ретінде, 13% – жауапсыз қалдырған. Бұл – кері байланысты қолдану мақсатының әртүрлілігі мен тиімділігін көрсетеді.



3-сурет. «Болашақ мұғалімдердің рефлексиясын дамыту жайлы не білесіз?» атты авторлық сауалнаманың нәтижелері

Сауалнама нәтижелеріне жүргізілген мазмұндық талдау арқылы келесі бағыттар бойынша студенттердің рефлексиялық құзыреттілікке даярлығы мен ой-пайымдары анықталды:

2 және 7-сұрақтар – студенттердің оқушылардың рефлексиясын дамытуға деген мотивациясын сипаттайды. Бұл сұрақтарға берілген жауаптардан студенттердің көпшілігі рефлексияны кәсіби қажеттілік ретінде түсінетінін, алайда оны өз тәжірибесінде қолдануға дайындық деңгейі әрқелкі екенін көруге болады. Респонденттердің басым бөлігі өздік жұмыстың тиімділігін түсінгенімен, оны құрылымдық тұрғыдан ұйымдастыру дағдылары қалыптаспай жатқаны байқалды.

1, 3 және 4-сұрақтар – студенттердің рефлексия жайлы теориялық білімінің толықтығын бағалауға негіз болды. Бұл сұрақтарға жауаптар студенттердің ұғымдық деңгейде «рефлексия», «өздік жұмыс», «кәсіби даму» ұғымдарын шатастырып жауап бергенін, кейбірі рефлексияны тек бағалаумен байланысты қарастыратынын көрсетті. Сондай-ақ, 4-сұраққа жауап бермеген немесе нақты кәсіби даму мақсатымен байланыстырмаған респонденттер болашақ кәсібін рефлексиямен байланыстырып көрмегенін білдірді.

5 және 6-сұрақтар – студенттердің рефлексиялық әрекетті практикада қолдану дағдыларының деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Жауаптардан студенттердің жартысына жуығы өздік жұмыс барысында рефлексияны белгілі бір нұсқаулықпен орындайтынын, ал қалғаны бұл әрекетті мақсатты түрде жүзеге асырмайтынын көрсеткен. Рефлексияның күнделікті оқу тәжірибесіне енуі әлі де болса жүйеленбегені байқалады.

4-сұраққа жауап бермеген кейбір студенттер бұл ұғымның мазмұнын толық түсінбегендігін немесе оны өз болашақ кәсібімен байланыстырмайтынын көрсетті. Бұл жағдай студенттердің кәсіби-бағдарлы рефлексиялық көзқарасын қалыптастырудың қажеттілігін тағы бір мәрте айқындайды.

Сапалық талдау көрсеткендей, студенттердің көпшілігі рефлексияның жалпы мәнін түсінгенімен, оны кәсіби даму құралы ретінде саналы әрі жүйелі қолдануға дайын емес. Өздік жұмыстар барысында рефлексияны енгізу тәжірибесі бірізді емес, негізінен формалды сипатта қалып отыр. Сондай-ақ студенттердің өзін-өзі бағалау, мақсат қою, әрекетке түзету енгізу, сабақ нәтижесін саралау дағдылары әлі де болса жетілдіруді қажет етеді.

Студенттердің оқу іс-әрекетіне деген мотивациясы – кәсіби даму үдерісінің негізі болып табылады. Себебі оқу үдерісіне деген қызығушылық пен ішкі уәждің төмендігі студенттің сабақ үлгеріміне, болашақ кәсіби жетілуіне, соның ішінде рефлексиялық қабілеттің дамуына кері әсер

етуі мүмкін. Сондықтан студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау педагогикалық даярлық кезеңінде өзекті міндеттердің бірі болып саналады.

Осы мақсатта зерттеудің анықтаушы кезеңінде болашақ мұғалімдердің оқу іс-әрекетіне мотивациясын анықтау үшін А.А.Реан және В.А.Якунин ұсынған мотивацияны зерттеу әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеме бойынша студенттерге 34 тұжырым ұсынылды. Әр тұжырымды 5 балдық шкала бойынша бағалау сұралды (1 – мүлде келіспеймін, 5 – толық келісемін). Әдістеме нәтижелері келесі 7 шкала бойынша интерпретацияланды.

Тестілеуге 121 студент қатысты (эксперимент тобы – 60, бақылау тобы – 61). Жауаптар бойынша жиілік пен пайыздық үлес анықталып, нәтижелер төмендегі кестеде берілді. Жалпы талдау нәтижелері бойынша, эксперименттік және бақылау топтарында мотивация құрылымы ұқсас болғанымен, эксперимент тобында кәсіби (18%) және оқу-танымдық (11%) мотивтердің сәл жоғары екенін байқауға болады. Бұл көрсеткіштер студенттердің болашақ мұғалім ретіндегі өзіндік позициясы мен ішкі жауапкершілігінің қалыптасуындағы оң серпінді көрсетеді.


Кесте 6 – Болашақ мұғалімдердің оқу іс-әрекетіне мотивациясының құрылымы (А.А.Реан, В.А.Якунин әдістемесі бойынша)

Мотивация шкалалары	Эксперимент тобы (%)	Бақылау тобы (%)
1. Қарым-қатынас мотиві	24%	25%
2. Сәтсіздіктен қашу мотиві	10%	12%
3. Мамандыққа сұраныс мотиві	9%	10%
4. Кәсіби мотив	18%	16%
5. Шығармашылық, өзін-өзі жетілдіру мотиві	16%	14%
6. Оқу-танымдық мотив	11%	9%
7. Әлеуметтік мотив	12%	14%
Барлығы	100%	100%

Екі топтың нәтижелері тәуелсіз t-критерий бойынша салыстырылып, төмендегідей қорытынды жасалды:

$$t_{\text{ЭМП}} = 1.88 < t_{\text{кр}} = 2.00 (p > 0.05)$$

Бұл көрсеткіш эксперименттік және бақылау топтарының арасында статистикалық тұрғыда айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін білдіреді.



4-сурет. «Болашақ мұғалімдердің оқу іс-әрекетіне мотивациясының құрылымы» әдістемесінің нәтижелері

Дегенмен, эксперименттік топтағы кейбір мотивациялық көрсеткіштердің (кәсіби, оқу-танымдық) жоғары болуы олардың рефлексиялық құзыреттілікті қалыптастыруға деген ішкі дайындығын дәлелдейді.

Болашақ мұғалімдердің рефлексиялық құзыреттілігін өздік жұмыстар арқылы дамыту үдерісінде танымдық компоненттің қалыптасуын бағалау – педагогикалық тұрғыдан аса маңызды. Бұл мақсатта А.В.Карповтың «Рефлексиялық дамудың даралық өлшемін» анықтауға арналған авторлық әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеме болашақ мұғалімдердің ішкі когнитивті белсенділігі мен рефлексиялық дағдыларының деңгейін нақты сандық көрсеткіштер арқылы бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістеме 27 тұжырымнан тұрады және төрт негізгі блокты қамтиды:

- іс-әрекеттегі ретроспективтік рефлексия;
- қазіргі жағдайды қайта пайымдау рефлексиясы;
- болашақ әрекетті болжау және жоспарлау рефлексиясы;
- басқалармен қарым-қатынастағы рефлексия.


Әр тұжырымға студенттер 5 балдық шкала бойынша жауап беріп, өздерінің рефлексиялық әрекетке қаншалықты бейім екенін көрсетті. Нәтижелер математикалық өңделіп, үш деңгейге топтастырылды:

- Жоғары деңгей – 143 ұпайдан жоғары
- Орташа деңгей – 123–142 ұпай аралығы
- Төмен деңгей – 122 және одан төмен

Зерттеу нәтижелері төмендегі 7-кестеде берілген:

Кесте 7 – А.В. Карповтың «Рефлексиялық дамудың даралық өлшемі» әдістемесі нәтижелері

Бағалау деңгейлері	Эксперимент тобы (n=60)	Бақылау тобы (n=61)
Жоғары (143 ұпайдан жоғары)	15 студент (25,0%)	12 студент (19,7%)
Орташа (123–142 ұпай)	32 студент (53,3%)	31 студент (50,8%)
Төмен (122 ұпай және төмен)	13 студент (21,7%)	18 студент (29,5%)



5-сурет – А.В. Карповтың «Рефлексивтіктің дамуының даралық өлшемі» анықтау әдістемесінің диаграммасы

Бұл нәтижелер эксперименттік және бақылау топтары арасында статистикалық тұрғыдан сенімді айырмашылық бар екенін көрсетеді. А.В.Карповтың әдістемесі студенттердің рефлексиялық ойлау құрылымын танымдық деңгейде тереңдете талдауға мүмкіндік берді. Эксперимент тобының нәтижесі танымдық белсенділіктің артып, рефлексиялық компоненттің жүйелі дамып келе жатқанын айғақтайды.


Зерттеуімізде болашақ мамандардың кәсіби тұрғыда жетілуіне әсер ететін рефлексиялық бағыттылықты анықтау маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылды. Рефлексия – тек өткен тәжірибені бағалау ғана емес, сонымен қатар әрекетке деген көзқарас, өзін-өзі реттеу және кәсіби даму көзі болып табылады. Осы мақсатта зерттеудің анықтаушы кезеңінде америкалық

ғалым М.Гранттың «Рефлексияға бағыттылық пен көру деңгейі» атты авторлық әдістемесі қолданылды.

Әдістеме 10 тұжырымнан тұрады және қатысушылар әр пікірге 6 балдық шкала бойынша жауап береді: «мүлде келіспеймін», «келіспеймін», «келіспейтін шығармын», «келісемін де ойлаймын», «келісемін», «абсолютті түрде келісемін». Жауаптар балл түрінде өңделіп, қатысушылардың жалпы көрсеткіші келесі бес деңгейдің біріне жіктелді. Компьютерлік өңдеу нәтижелері төмендегі 8-кестеде берілген:

Кесте 8 – «Рефлексияға бағыттылық пен көру деңгейі» әдістемесінің нәтижелері (М.Грант)

Рефлексия деңгейі	Студенттер үлесі (%)
Жоғары деңгей	10%
Жоғарыдан төмен деңгей	15%
Орта деңгей	40%
Ортадан төмен деңгей	20%
Төмен деңгей	15%



6-сурет – Рефлексияға бағыттылық пен көру деңгейі диаграммасы (М.Грант әдістемесі бойынша)

Нәтижелерді талдау негізінде студенттердің жалпы рефлексияға бағыттылығының жеткіліксіз екені анықталды. Жоғары және жоғарыдан төмен деңгейдегі үлес бар болғаны 25%, ал 75% студент орташа не одан төмен деңгейде екенін көрсетті. Бұл студенттердің рефлексиялық дағдыларын мақсатты түрде дамыту қажеттігін айқындайды.

Қорытынды. Зерттеу жұмысы барысында болашақ мұғалімдердің рефлексивті құзыреттіліктерін өздік жұмыстар арқылы қалыптастырудың теориялық негіздері және диагностикалық жұмыстары жан-жақты талданып, ғылыми негізде дәлелденді.

«Рефлексивті құзыреттілік» ұғымының мазмұны педагогикалық тұрғыда нақты талданып, оның құрылымдық компоненттері жүйеленді. Бұл компоненттер негізінде рефлексияны болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қажет екені айқындалды. Рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру құралы ретінде өздік жұмыстардың теориялық мәні мен практикалық мүмкіндіктері қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде өздік жұмыстардың мазмұнын мақсатты бағыттау, олардың құрылымына рефлексиялық тапсырмаларды енгізу арқылы студенттердің кәсіби ойлау, өзін-өзі бағалау және өзіндік даму дағдыларын жетілдіруге ықпал етуге болатыны дәлелденді. Зерттеу барысында қолданылған сандық және сапалық әдістер кешені — сауалнама, өзін-өзі бағалау, рефлексиялық күнделік, эссе, peer-review, бейнеэссе — білім алушының өзін-өзі тану деңгейін арттыруға, кәсіби тұрғыда дамуына жағдай жасады. Бұл құралдар «рефлексия әрекет үстінде» тұжырымдамасын тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, бұл зерттеу болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы жүйесінде рефлексиялық құзыреттіліктерді мақсатты және ғылыми негізде қалыптастырудың өзектілігін, мүмкіндігін және тиімділігін дәлелдеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» //Егемен Қазақстан. 2007, 15-тамыз.
- 2 Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года No 249. «Об утверждении Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023–2029 годы». [Электронный ресурс] –URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>(дата обращения: 3.04.2025)
- 3 Лазарев Ф.В., Лебедев С.А. Философская рефлексия: сущность, типы, формы //Вопросы философии. – 2016. – №. 6. – С. 15-28.
- 4 Леонтьев А.Н. Лекции по общей психологии М., 2000 //Электронный ресурс.
- 5 Рубинштейн С.Л. Человек и мир. – 1997.
- 6 Flavel J.H. and Wellman H.M. Metamemory. Available in the volume titled "Perspectives on the Development of Memory and Cognition," edited by Kail R.V. and Hagen J.W., and published by Erlbaum in Hillsdale, 1977. 62-63.
- 7 Оспанбекова М.Н., Турикпенова С.Ж., Исакова Л.М. Подготовка будущих специалистов начальных классов К организации творческой работы На основе аудиовизуальных учебных материалов //Вестник Казнпу имени Абая. Серия: Педагогические науки. – 2024. – Т. 2. – №. 81. – С. 261-275.
- 8 Нурғалиева М.Е., Кажикенова Г.М., Кударова Н.А. Инновационные тенденции в развитии современного образования Казахстана //Россия и Европа: связь культуры и экономики. – 2015. – С. 281-284.
- 9 Пахомова Е.А., Юрковская И.В. Рефлексия как средство преодоления трудностей в работе с новым поколением студентов //Роль и место российского региона в европейском социально-экономическом пространстве. – 2022. – С. 16-25.
- 10 Серікбаева А.О. Болашақ инженерлердің кәсіптік-технологиялық даярлығын жетілдірудің дидактикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. - Алматы, 2001.-320 б.
- 11 Kolb A., D. Kolb, The Kolb Learning Style Inventory 4.0: Guide to Theory, Psychometrics, Research & Applications, Experience Based Learning Systems, Inc., 2013
- 12 Brookfield S.D. Teaching for critical thinking: Tools and techniques to help students question their assumptions. San Francisco: Jossey Bass, 2012. 23p.
- 13 Perrenoud Philippe. De la réflexion dans le feu de l'action à une pratique réflexive. Faculté de psychologie et des sciences de l'éducation. Université de Genève, 1998. 328 p.
- 14 Гоулман Д. Эмоциональный интеллект: почему он может значить больше, чем IQ. – " Манн, Иванов и Фербер", 2013

References:

1. Qazaqstan Respýblikasynyń " Bilim turaly zańy " //Egemen Qazaqstan. 2007, 15-tamyz.
2. Qazaqstan Respýblikasy Úkimetiniń 2023 jylǵy 28 naýryzdaǵy No 249 qaýlysy. "Qazaqstan Respýblikasynyń mektepke deingi, orta, tehnikalyq jáne kásiptik bilim berýdi damytýdyń 2023-2029 jyldarǵa arnalǵan tujyrymdamasyn bekity túraly". [Elektrondyq resýrs] - URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249> (ótinish bergен kúni: 3.04.2025)
3. Lazarev F.V., Lebedev S.A. filosofialyq refleksia: máni, túrleri, formalary //filosofia máseleleri. – 2016. – №. 6. – 15-28 BB.
4. Leontev A. N. jalpy psihologia boyynsha dárister M., 2000 // Elektrondyq resýrs.
5. Rýbinshteyn S. L. adam jáne álem. – 1997.
6. Flavel, J.H. and Wellman, H.M. (1977) Metamemory. Available in the volume titled "Perspectives on the Development of Memory and Cognition," edited by Kail, R.V. and Hagen, J.W., and published by Erlbaum in Hillsdale, 62-63.
7. Ospanbekova M.N., Týrikpenova S.J., Iskakova L.M. aýdiovizýaldy Oqý materialdary negizinde shyǵarmashylyq jumysty uymdastyrýǵa bolashaq bastaýysh synyp mamandaryn dauarlaý //Abai atyndagý Qazupý habarshysy. Seria: Pedagogikalıq Gýlymdar. – 2024. - T.2. – №. 81. – 261-275 BB.
8. Nurǵalievá M.E., Qajykenova g. m., Kýdarova N.A. Qazaqstannyń qazirgi zamanǵy bilim berýiniń damýyndagý inovatsionalyq úrdister //Resei men Eýropa: mádeniet pen ekonomikanyń bailanysy. – 2015. – 281-284 BB.
9. Pahomova E.A., Týrkovskaya I.V. stýdentterdiń jańa býynymen jumys jasaýdagý qyndyqtardy jetý quraly retinde Refleksia //Resei aimaǵynyń Eýropalyq áleymettik-ekonomikalıq keńistiktegi róli men orny. – 2022. – B.16-25.
10. Serikbaeva A.O. bolashaq injenerleriniń kásiplerlik-tehnologialyq dauarlıǵyn jetilderdiń didaktikalıq negizderi: ped. ǵyl. dáriger. ... diss. - Almaty, 2001.-320 b.
11. Kolb A., D.Kolb, The Kolb Learning Style Inventory 4.0: Guide to Theory, Psychometrics, Research & Applications, Experience Based Learning Systems, Inc., 2013
12. Brookfield S.D. Teaching for critical thinking: Tools and techniques to help students question their assumptions. San Francisco: Jossey Bass, 2012. 23p.
13. Perrenoud Philippe. De la réflexion dans le feu de l'action à une pratique réflexive. Faculté de psychologie et des sciences de l'éducation. Université de Genève, 1998. 328 p.
14. Goleman D. emosionaldy intellekt: nelikten ol IQ-den kóp nárseni bildirýi múmkin. - "Mann, Ivanov jáne Ferber", 2013.